

БЕКІТЕМІН

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университетінің
басқарма төрағасы-ректоры

А.М. Наметов

« 08 » 09 2022 ж.



**СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.197

№ 01 басылым

№ _____ дана

Дайындалды: 01.09.2022 Богдашкина И.В.	Келісілді: 05.09.2022 Таубаев Ө.Б. Таскалиев Е.К. Ихсанов Е.Б. Алмагамбетова М.Ж.	Енгізілді: 08.09.2022 10.09.2022 ж. СМЖ.07. ЛН.197 орнына Қайта қаралуы: 08.09.2025.
---	---	---

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1 Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалды.

2 Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы үшін жарамды.

3 Лауазымдық міндеттері

3.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы міндетті:

3.1.1 СДж/еТБ жұмысын ұйымдастыру және оның қызметі үшін толық жауапты болу;

3.1.2 Университеттің стратегиялық дамуы бойынша құжаттар жобаларын дайындау;

3.1.3 Университеттің стратегиялық дамуы бойынша құжаттардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, орындалмау себептерін талдау және түзету бойынша ұсыныстар енгізу;

3.1.4 ЖОО қызметінің басым бағыттарын ескере отырып, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың стратегиялық құжаттарын өзектендіру, іске асыру және орындалуын бақылау бойынша университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

3.1.5 ЖОО-ның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының даму салалары бойынша мемлекеттік және жергілікті бағдарламалық құжаттарға сәйкестігін үйлестіру;

3.1.6 Университеттің әлеуетті стратегиялық серіктестері – басқа ұйымдармен ынтымақтастық бағыттарын пысықтауды бақылау;

3.1.7 Университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және оған жүктелген миссияны орындау үшін түзету және алдын алу іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру, келісу және бақылау;

3.1.8 Стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда университеттің құрылымдық бөлімшелеріне көмек көрсету;

3.1.9 ЖОО-ның республикалық және халықаралық рейтингтерге, аккредитацияларға дайындығын және қатысуын бақылау;

3.1.10 Университеттің және КРІ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ПОҚ және қызметкерлерінің қызметін бағалау жүйесін жетілдіруді бақылау;

3.1.11 Басқарма қызметінің бағыты бойынша университет сайтының ақпараттық толықтырылуын бақылау;

3.1.12 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жоғары тұрған органдарымен, сондай-ақ СДж/еТБ қызметі саласына кіретін мәселелер бойынша өзге де ұйымдармен хат алмасу.

3.2 Бағыныштылығы:

3.2.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы еңбек кодексына сәйкес ректордың бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады;

3.2.2 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы басқарма төрағасының бірінші орынбасары - стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректорға бағынады.

3.2.3 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы Әкімшілік-басқару персоналы санатына жатады.

3.3 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы білуі тиісті:

3.3.1 ҚР заңнамалық және нормативтік құқық актілерін, республикалық және жергілікті мемлекеттік басқарма органдарының қаулыларын, білім және ғылым саласындағы халықаралық келісімдерді және жоғарғы, жоғарғы оқу орыннан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беретін бағдарламаларын іске асыратын, оқу орындарының қызметін және олардың приоритеттік дамыту бағыттарын белгілейтін басқа құжаттарын;

3.3.2 Университеттің Жарғысы, ішкі тәртіп ережелері және стратегиялық жоспарлау және талдау мәселелері бойынша университеттің қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттары;

3.3.3 Өзінің өкілдігінің ішінде СМЖ құжаттарын;

3.3.4 Өзінің лауазымдық нұсқаулығын;

3.3.5 Еңбек заңының негіздерін;

3.3.6 Еңбекті қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін және мөлшерлерін.

3.4 Біліктілік талаптары:

3.4.1 Білімі жоғары, белсенді шығармашылық қызметін жүргізу, ұжымда беделді болуы қажет. Университетте жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес болуы қажет;

3.4.2 Дербес компьютермен жұмыс жасауы, іс жүргізу шеңберінде мемлекеттік тілді және ағылшын тілін білуі қажет;

3.4.3 Өз біліктілігін әрдайым арттыру қажет.

4 Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы жауапты:

4.1.1 Негізгі лауазымдық нұсқаулық бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін атқармағаны (немесе дұрыс атқармаған) үшін ҚР еңбек кодексінде анықталған;

4.1.2 Өз қызметін атқара отырып, заңды бұзғаны үшін ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған;

4.1.3 Материалдық мүліктік зиян келтірген үшін ҚР еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде жауапты болады.

4.2 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы өкілетті:

4.2.1 Әртүрлі отандық және шетелдік кәсіпорындармен (ұйымдармен), жергілікті басқару органдарымен, ҚР білім және ғылым министрлігі, тағы басқа министрліктермен, ведомствалармен өзара қатынастарда университеттің мүдесін білдіруге;

4.2.2 Университет басшылығының шешімдері мен жобаларымен танысуға;

4.2.3 Өзінің жауапкершілігіне сай құжаттарға қол қоюға;

4.2.4 Өз міндетіне кіретін сұрақтар бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіруге және бақылауға, олардан лауазымдық міндеттерін орындау үшін керекті ақпараттарды және құжаттарды сұратуға.

4.3 Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы құқықты:

4.3.1 Университет басшылығынан лауазымдық міндеттерін және құқығын атқару үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыздандыруын талап етуге;

4.3.2 Кәсіби біліктілік деңгейін жоғарлатуға;

4.3.3 Университет басшылығының оның қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға;

4.3.4 Осы нұсқаулықта көзделген міндеттерге байланысты жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды басшылықтың қарауына енгізу;

4.3.5 Жыл сайынғы еңбек демалысын алуға;

4.3.6 Өзінің кәсіби намысын және адамгершілігін қорғауға;

4.3.7 Ұйымдық іс-әрекетіндегі табыстары үшін материалдық және моральдық марапатталуға.

5 Құжаттама

6 Сілтемелер

1. ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007 ж. № 319
3. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.02.2011 ж. № 407-IV;
4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V
5. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КЕАҚ Жарғысы